# Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми жұмыстарындағы плагиатты шешудің мәселелері мен әдістері

*Сіздің ойыңыз —*
*ұлы ойлардың сіз келтірген тек бозғылт көшірмесі,*
*Ваша мысль —*
*лишь бледная копия размышлений великих,*
*которых вы цитируете.*

Бернар Вербер

«ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ САРАПТАМА ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ГОСУДАРСТВЕННОЙ НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ»

050026, Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 221
тел.: 8 (727) 378-05-09, факс: 8 (727) 378-05-47

050026, город Алматы, улица Богенбай батыра, 221
тел.: 8 (727) 378-05-09, факс: 8 (727) 378-05-47

24 қыркүйек 2019 ж.

**БҰЙРЫҚ**
**ПРИКАЗ**

№ 149-Ө

**«Антиплагиат» және «Turnitin» бағдарламаларын қолдану арқылы ғылыми жұмыстарды тексеру үшін құжаттарды қабылдау Ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңының 60 бабының 7) тармақшасы, «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ (ары қарай – «ҰМҒТСО» АҚ) Жарғысының 8 бөлімінің 29 тармағының 11) тармақшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы», 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы», 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрықтары негізінде және БҒМ Ғылым комитетінің 19.09.2019 жылғы № 203/16-9 хатына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Антиплагиат» және «Turnitin» бағдарламаларын қолдану арқылы ғылыми жұмыстарды тексеру үшін құжаттарды қабылдау Ережесі жаңа редакцияда бекітілсін (Қосымша 1).
2. Осы Ережеге қатысы бар «ҰМҒТСО» АҚ құрылымдық бөлімше басшылары Ережені басшылыққа алсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырыма қалдырамын.

**Президент** **Ибраев А.Ж.**

Орындаушы: КБ бас маманы | КБ бастығы | ҚжКЖД директоры | АТД директоры | АРКД директоры | ҚЭЖД директоры | БЕжЕБ бас бухгалтері | Вице-президент | Вице-президент

001521

«ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ САРАПТАМА ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ГОСУДАРСТВЕННОЙ НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ»

050026, Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 221
тел.: 8 (727) 378-05-09, факс: 8 (727) 378-05-47

050026, город Алматы, улица Богенбай батыра, 221
тел.: 8 (727) 378-05-09, факс: 8 (727) 378-05-47

24 сентября 2019 г.

**БҰЙРЫҚ**
**ПРИКАЗ**

№ 149-П

**Об утверждении Правил приема документов на проверку научных работ с использованием программ «Антиплагиат» и «Turnitin»**

На основании подпункта 7) статьи 60 Закона РК «Об акционерных обществах», подпункта 1) пункта 29 раздела 8 Устава АО «Национальный центр государственной научно-технической экспертизы» (далее – АО «НЦГНТЭ»), Приказов Министерства образования и науки РК №126 от 31.03.2011 года «Об утверждении Типового положения о диссертационном совете», № 127 от 31.03.2011 года «Об утверждении Правил присуждения ученых степеней», № 604 от 31.03.2018 года «Государственный общеобязательный стандарт образования всех уровней образования» и письма Комитета науки МОН РК № 203/16-9 от 19.09.2019г., **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить в новой редакции Правила приема документов на проверку научных работ с использованием программ «Антиплагиат» и «Turnitin» (Приложение 1).
2. Заинтересованным руководителям структурных подразделений АО «НЦГНТЭ» принять к руководству настоящие Правила.
3. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

**Президент** **Ибраев А.Ж.**

Исполнитель: Глав спец ОК | Начальник ОК | Директор ДПиКР | Директор ДИТ | Директор ДФИР | Директор ДФЭП | Главный бухгалтер УБУиО | Вице-президент | Вице-президент

001520

24 қыркүйек 2019 жылы №149 бұйрыққа сәйкес Қазақстанның білім беру мекемелерінде, атап айтқанда жоғары оқу орындарында «Антиплагиат» және «Turnitin» бағдарламаларын қолдану арқылы ғылыми жұмыстарды тексеру үшін құжаттарды қабылдау Ережесін басшылыққа  ала отырып, қазіргі жағдайда кез-келген ғылыми жұмыс плагиатқа тексеруден өту міндетті



**Көптеген университеттің статистикасына сәйкес, плагиатқа бірінші тексеруден дипломдық жұмыстардың тек 17% - і ғана өтеді екен. Қалған 83% - і өңдеуге қайтарылады.**

**С.И.Ожеговтың Орыс тіліні сөздігінде плагиатқа берген анықтама: *«Плагиат - біреудің шығармасын өз атынан беру немесе бөтен біреудің шығармасын өз атына заңсыз басып шығару, авторлықты иемдену».* [1, 518б.]**

## **Плагиат - қазіргі қоғамға тән - ұрлық.**

*«Қазақстан заңнамасында плагиаттың бірыңғай және тұтас анықтамасы жоқ, бірақ плагиаттың мағынасын толықтай білдіретін "авторлық беру" термині бар (ҚР ҚК 198-бабы)» Нақты түсінік жоқ, бірақ қылмыстық жауапкершілік бар. [2]*

КАЗГЮУ-дың Азаматтық-құқықтық зерттеулер институтының профессоры заң ғылымдарының докторы Каудыров Төлеш Ерденович

**Плагиат студенттер, магистранттар, докторанттар арасында жиі орын алатын жағдай.**

**Осы туралы жоғарыда аталған**

**- Т.Е. Каудыровтың *«Творчество и плагиат»;***

***- А.В. Никитовтың бірнеше автормен жазған «Плагиат в работах студентов и аспирантов;***

***- Н.Ю. Абрамованың «Проблема плагиата в научных работах»* еңбектерінде студенттер мен магистранттарға, докторанттардың жұмысында плагиат болмау үшін ғылыми жұмысты шығармашылықпен жазуға қызықтырудың маңызын айтады. [3]**



Уилсон Мизнер - американдық драматург, жазушы
19.05. 1876. – 3.04.1933
в.Источник: https://stuki-druki.com/authors/Mizner.php

XX ғасырдың басындағы американдық драматург, жазушы Уилсон Мизнер бір кездері: ***"сіз бір автордан материал алған кезде, бұл плагиат, бірақ көптеген адамдардан алған кезде бұл зерттеу"*** деген сөзінің бұл күндегі ақиқаты: «***егер сіз бір автордан материал алсаңыз, онда бұл бір сот ісі, егер көптеген адамдардан алсаңыз көптеген сот ісі***»

XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырдың басында өмір сүріп кеткен американдық жазушы Уилсон Мизнердің: ***«Егер Сіз бір адамнан материал алсаңыз ол плагиат, ал көп адамнан алсаңыз, ол кезде зерттеу болып саналады»*** айтқанындай білім алушыларға, әсіресе бакалавриаттан бастап философтардың, ғалымдардың, жазушылардың еңбектеріндегі идеяларын **қалай алып** пайдалануды, **сілтеме жасауды** және **бірнеше ғалымдардың идеяларын өз тұжырымдамаларын, өз сөздері арқылы шығаруды** шығармашылықтарын дамыта отырып, жаздырып үйретудің өзектілігі арта түсті деп айтуға болады.

Профессор Т.Е. Каудыров «***Жаңадан бастаған авторларға»*** деп атаған «Творчество и плагиат» *(Шығармашылық және плагиат)* мақаласында былай дейді: *«Жаппай плагиат үшін жағдай жасамаңыз. Білім беру жүйесінің басшылары-министрлер және олардың орынбасарлары, ректорлар және директорлар - өз қағидаларыңызбен, нұсқаулықтарыңызбен және өзге де нұсқауларыңызбен жаппай плагиат үшін жағдай жасамаңыз. Егер сіз тек әдістемелік немесе басқа материалдардың болуын талап етсеңіз, онда сапа емес, сан талаптары бар жерде шығармашылық үшін жағдай болмайды»;* ***«Шығармашылық бар жерде өзіндік ерекшелік бар-плагиат жоқ».*** [2]



КАЗГЮУ. Азаматтық-құқықтық зерттеулер институтының профессоры, заң ғылымдарының докторы **Каудыров Төлеш Ерденович**

Аталған еңбегінің **«Плагиат - понятие и сущность»** (Плагиат-ұғым және мәні») атты бесінші бөлімінде жас ғалымдарға төмендегідей кеңес береді.

***1. Авторлық құқық шығарманың мазмұнын (идеялар, үдерістер, деректер) емес, материалды ұсыну формасын (тіл, стиль, айналым және т. б.) қорғайды деген ережені ұмытпаңыз.***

***2. Дәйексөз ережелерін сақтаңыз: қажетті көлемде, дәйексөздің мақсатына негізделген түрде. Егер сіз терминді көрсеткіңіз келсе, онда автор қолданған сөзді ғана қолданыңыз; егер сөйлем болса, сәйкесінше авторлық сөйлемнің ерекшеліктерін ашатын бір немесе бірнеше сөйлемді қолданыңыз.***

***«Университеттің иррационалды оқу-әдістемелік саясаты кейде өте лайықты мамандарды плагиатқа итермелейді - олар төмен білікті жұмысты орындауға мәжбүр етеді, көптеген шаблонды, күнделікті орындалуды тексеруді қажет етеді - бұл плагиаттың тамыры»*** **.[3]**



Пермь мемлекеттік ұлттық зерттеу университетінің Кәсіпкерлік құқық, Азаматтық және төрелік іс жүргізу кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы
**Болдырев Владимир Анатольевич**

Т.К. Канатовтың ***«Плагиат и контрафакт как основные нарушения авторского права в странах Евразийского Экономического Союза»*** *деген мақаласында былай деп жазады,* ***«Неміс заңгерлері плагиат пен еркін дәйексөз арасындағы айырмашылығын көрсетті. Егер сөздер мен идея алынған еңбектің авторына сілтеме жасалса онда плагиат жоқ»*** Сонымен қатар дәйексөздер (цитаталар) түрлеріне тоқталған

- **үлкен және шағын;**
- ***әдеби және ғылыми болып бөлінеді.***

**Әдеби шығармада кішігірім дәйек сөздерді қолдансаңыз, ғылыми жұмыста, керісінше, көлемді дәйексөздерді қолдана аласыз.[4]**

Деректерге сүйенсек АҚШ – да өткен соттарының тәжірибесі бойынша, келтірілген **дәйексөздер** мен **алып пайдалану 25%** - дан аспаған жағдайда, демек **85%** түпнұсқалық плагиат болып есептелмейтінін айтқан.[4]

Қазақстанда **дәйексөздер мен алып пайдалану 30% - 40%** дан аспаған жағдайда , яғни **60-70% түпнұсқалық** болғанда **плагиат** болып есептелмейді.

Абай атындағы ҚазҰПУ – да бакалавр және магистратура бітірушілері үшін универ жүйесі бойынша өздерінің логин порольдары арқылы өтеді. Екі рет өтуге рұқсат берілген.

Докторанттар қорғаудың алдында диссертацияларын Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығынан өткізіп, алынған материалды сілтемесіз пайдалануын тексеріп, бәрі дұрыс болған жағдайда анықтама береді.

**Енді антиплагиат өзіне тоқталсақ:**

**АНТИПЛАГИАТ** - мамандандырылған іздеу жүйесі, оның негізгі мақсаты мәтіндік файлдарды плагиаттың бар-жоғын тексеру (біреудің шығармашылығын именденуд, пайдалануды анықтау).

«

**АНТИПЛАГИАТ** - курстық жұмыстарды, рефераттарды, диплом және магистрлік жұмысты, баяндамаларды, дипломдарды, есептерді, монографияларды, диссертацияларды, ғылыми мақалаларды тексеруге қолданылады.

**"Плагиатқа қарсы"** екі нұсқасы бар **(Antiplagiat.ru)** - сайтта тіркелу арқылы кез-келген адам пайдалана алатын негізгі нұсқа, тегін Antiplagiat.ru,

**Коммерциялық нұсқа** – жоғары оқу орындарына арналған және кең жұмыс базасы бар **«Плагиатқа қарсы университет»**

Тексерілген жұмыстың тегін нұсқада және коммерциялық **(Antiplagiat.вуз)** тексерген кезде түпнұсқалықтың пайызы әртүрлі болуы мүмкін.

1. Тексеру мәтіні жүйеге жүктеледі. Антиплагиат қызметі алгоритмдері бойынша мәтінді өңдейді және интернеттен ұқсас мақалаларды іздейді.
2. Плагиатқа қарсы таңдалған мәтіндердегі сәйкестіктерді талдайды және нәтиже береді.
3. Сәйкестік неғұрлым аз болса, бірегейлік соғұрлым жоғары болады.
4. Жұмыста  интернеттегі кез-келген мақаладан толығымен көшірілсе, онда бірегейлік нөлге тең болады**."Антиплагиат"** жүйесінің ерекше  қарайтыны сәйкес келген сөз тіркестері мен сөйлемдер.
5. Сөзбе-сөз көшірудің көлемі неғұрлым көп болса, соғұрлым ол тексеру нәтижелеріне әсер етеді.
Егер  жұмыстың толық абзацы басқа мәтіннен көшірілсе, қызмет бірден бірегейлікті шамамен **10-20%** төмендетеді.

# Мәтіннің бірегейлігін арттырудың жаңа әдістері

1. Плагиатпен күресу жолдарын бакалаврдың 1 курсынан бастау

2. Оқытушыларды арнай біліктілік курстарынан өткізу

3. Студенттер, магистранттар, докоранттарға көлемі аз материалдарды, бір екі сөйлем немесе абзацты антиплагиатқа салып тексеруді әдетке айландыру

4. Антиплагиат алып – қойылған және дәйексөздерді плагиат ретінде анықтаған жағдайда,  сілтемені дұрыс жасауға, ұқсас сөздерді өз сөздерімен немесе синонимдерімен ауыстыруға, жеке стилімен, өзіндік сөз тіркестерін қолдана отырып, жазуға үйрету.

5. Берілген тапсырманың көлемінің мөлшерден аспауын қадағалау «Саны емес, сапасы үшін" қағидасын ұстану

6. Плагиатқа қарсы білім алушының бірегейлігін арттыру жолындағы шығармашылығы мен дербестігін бағалау және баға қою саясатына енгізу

**Плагиатқа тексеру**

12.08.2019 bilimpaz Жаңалықтар

Бұл ресурстар арқылы плагиат бар жоғын тексере аласыз.

http://www.plagtracker.com/

http://www.scanmyessay.com/

http://www.plagscan.com/seesources/analyse.php

http://plagiarismdetector.net/

http://sourceforge.net/projects/antiplagiarismc/

□http://www.duplichecker.com/

http://www.paperrater.com/

http://plagiarisma.net/

□http://www.plagiarismchecker.com/help-teachers.php

http://www.plagium.com/